Қазақстанның сыртқы саясаты: белсенділік және бастамашылық

Сыртқы істер министрі Қасымжомарт ТОҚАЕВПЕН сұхбат

— Құрметті Қасымжомарт Кемелұлы! Қазақстанның шет елдердегі елшіліктері мен өкілдіктері үшін елімізді, бізде болып жатқан қоғамдық-саяси маңызды оқиғаларды насихаттау, сол арқылы республиканы таныту айрықша жауапты міндет болса керек. Елбасының "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты Қазақстан халқына Жолдауын әлем жұртшылығының назарына жеткізуде сыртқы саяси ведомство тарапынан қандай жұмыстар атқарылды? Дүние жүзінде Жолдау қалай қабылданды және ол туралы қандай пікірлер білдірілуде?

— Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы мемлекетіміз тарихындағы айрықша маңызға ие оқиғалардың бірі екені даусыз. Жолдау Қазақстан даму жолының жаңа белеске көтерілуін, еліміздің жаһандану үдерістеріне бейімделуте, қазіргі заман талаптарына сай жаңаруға деген ұмтылысын танытты. Құжатта адам өмірінің сапасын арттыруға деген нақты бағыттың қойылуы халық тарапынан жаппай қолдау тапты.

Дипломатиялық өкілдіктеріміз Мемлекет басшысының халыққа Жолдауының басты қағидаларын халықаралық аренада насихаттау жұмысын кең көлемде жүргізіп келеді. Шет елдердің саяси орталары, зиялы қауым өкілдері мен іскерлік топтары Жолдау мазмұнымен мүқият таныстырылды. Арнайы семинарлар мен конференциялар өткізіліп, Жолдаудың негізгі ерекшеліктері жан-жақты талдау тақырыбына айналды. Бұл міндет сыртқы саясат ведомствосының күнделікті қызметінің ажырамас бөлігін құрайды. Негізгі мақсат — Қазақстан басшылығының нарықтық экономика және демократиялық қоғам құру саласындағы реформаларының жетістіктерін таныту, өңірлік держава ретінде еліміздің оң және орнықты келбетін көрсету.

Президенттің Жолдауы болашаққа бағыт түзеген Қазақстан мемлекетінің даму жоспары ретінде қабылданып, дүниежүзінде айтарлықтай серпіліс пен қызығушылық тұтызды. Айтылған пікірлерге сүйенсек, әлем қауымдастығы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды ашық қолдайтыны аңғарылады. Айта кетерлігі, Қазақстан басшысының Орталық Азия мемлекеттері одағын құру бастамасы ерекше назарға ілікті.

Өздеріңізге мәлім, Елбасы өзінің атына келіп түскен шет ел мемлекеттері басшыларының, көрнекті саяси және қоғам қайраткерлерінің Жолдауды қолдаған жылы лебіздерін халықпен жүздесулерінде сан мәрте атап өткен болатын.

Мен осы лебіздердің бір түйіні ретінде әйгілі Гарвард университеті мамандарының Жолдаудағы ауқымды міндеттер орындалар болса, Қазақстан дамудың эволюциялық "үшінші жолын" көрсетіп, өзге елдерге үлгі болады деген тұжырымын келтірер едім. Бұл пікір менің жақында Вашингтонға жасаған сапарым барысында да Буш өкіметінің жоғары лауазымды ресми өкілдері, АҚШ-тың көрнекті саясаттышылары мен қалымдары тарапынан бірауыздан қуатталды.

— Мемлекет басшысы Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде сөйлеген сөзінде дипломаттарға бірқатар маңызды міндеттер жүктеді. Егер оларды саралап қарайтын болсақ, дипломатия қызметінде экономикалық байланыстар, инвестиция тарту басым бағытқа айналып отыр екен. Осы орайда, елшілер қызметіне нақты мысалдар мен деректер арқылы шолу жасап көріңізші.

— Сыртқы саясат әрдайым ішкі саяси басымдықтардан, сондай-ақ қалыптасқан халықаралық ортадан туындап, мемлекет мүдделері аясында жүргізіледі. Сондықтан кеңейтілген алқа мәжілісінде Елбасы экономикада жаңа, жаһандық бәсекелестікке берік салаларды дамыту, Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру, ұлттық капиталға шет рыноктарда қолайлы жағдайлар туғызу жұмысына сыртқы саяси қызметтің араласуын тапсырды.

Елшіліктер шетелдік іскер орталарды еліміздегі реформалардың нәтижелері мен дамудың басымдықтары жайында хабардар ету арқылы Қазақстанның инвестициялық келбетін насихаттауға үлкен көңіл бөледі. Айталық, дипломатиялық мекемелеріміз Мемлекет басшысы ұсынған 2003-2015 жылдарға Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын АҚШ, Франция, Германия, Жапония сынды басты инвестор болып табылатын жиырмадан астам мемлекеттерде таныстыруды жүзеге асырды.

Дипломатиялық өкілдіктер тарапынан еліміздің коммерциялық мүдделерін белсенді танытуға септесудің толып жатқан мысалдарын келтіруге болар еді, бірақ оларды тізбелеуге көп уақыт кетер.

Алқа мәжілісінде өзге де маңызды мәселелер талқыланған болатын. Олар, ең алдымен, күш-жігерімізді Батыс бағытына жұмылдыруға қатысты еді. Біз Ресей, Қытай, Орталық Азия республикаларымен ынтымақтастықты дамытуда елеулі жетістіктерге қол жеткіздік. Енді гі кезеңдерде Батыс мемлекеттерімен қатынастарымызды жаңа деңгейге шығаратын уақыт келді. Онсыз сыртқы саясатымыздағы теңдестік туралы сөз қозғаудың өзі қиын.

— Жоғарыдағы сұраққа байланысты тағы бір сұрақ: жалпы дипломатияның, сыртқы саяси қызметтің қазіргі атқаратын жүгі қандай, мұндағы өзгерістердің мәнін қалай түсіндірер едіңіз? Осы саланың жетекшісі ретінде Сіз Қазақстанның сыртқы саясатын қандай тұрғыда жетілдірген жөн деп білесіз? Біздің дипломаттар елімізді қазіргі заманғы сынақтар мен қатерлерден қорғауда не істей алады?

Сыртқы саяси қызмет уақыт талабына сай, жалпы өркениетті қоғамның даму заңдылықтарымен біртұтас байланыста, құбылмалы әлемдік саяси ахуалға бейімделу арқылы үдайы өзгерісте болып, күрделене түсуде.

Қазіргі халықаралық қатынастар жедел қарқынымен, болжауға қиын жаңа қауіп-қатерлердің, сондай-ақ күш қолдану оқиғаларының, террористік актілердің жиілеуімен ерекшеленеді. Қауіпсіздіктің мазмұны қоюланып, әскери-саяси тұрғыдан ғана емес, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық аспектілерді де қамтитынын атап өтер едім.

Сауда-экономикалық мүдделердің де дипломатиядағы рөлі жылдан жылға артып, бүгінгі күні әр елдің сыртқы саясатында елеулі, ал кейбір жағдайларда тіпті шешуші факторға айналды.

Сонымен қатар, әлеуметтанушылардың зерттеулеріне сәйкес, қазіргі заманғы қоғам сапалық өзгерістерді бастан кешіріп, постиндустриялық сатыдан ақпараттық қоғам сатысына өтпелі кезеңде тұр. Тиісінше, ақпараттық ағымдар, оларды басқарудың өсе түскен маңызы дипломатияның да жұмыс қағидаттары мен тәсілдеріне өз ықпалын тигізеді. Ал түрлі мәселелердің бір-бірімен тығыз байланыста болып, жаһандануның ықпалымен өзара ықпалдасуы ғылым мен білім, мәдени-гуманитарлық мәселелерді де сыртқы саясаттың күн тәртібіне шығарып отыр.

Жалпы алғанда, қазіргі замандық дипломатияда ұзақ жылдар бойы билік құрған реалистік "ұлттық мүдделер" ағымымен бірге, адамзат парасаттылығына негізделген "ортақ немесе қоғамдық мүдделер" ағымы бірге қалыптасып келеді. Мысал ретінде, озон жігінің жоғалуына қатысты алаңдаушылықтың негізіндегі Киото хаттамасын атауға болады. Бұлардың қатарында түрлі сипаттағы интеграциялық үдерістерді де назардан шығаруға болмайтыны түсінікті.

Қазақстан тәрізді тарихи тұрғыдан жас мемлекет үшін дипломатиялық қызмет осынау қарқынды өзгерістерге талдау жасап, артықшылықтарын анықтайтын, әрі тиісті жауап шараларды ұсынатын негізгі құрал.

Қазақстандық дипломаттар Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес сияқты көп жақты құшжігерлерді бірлестіру әрі бірқатар мемлекеттермен тиісті екі жақты шарттарға қол жеткізу арқылы елімізді қазіргі заманғы сынақтар мен қатерлерден қорғауды жүргізіп келеді. Осы орайда біздің талдамалық-болжамдық істердің қолға алынғанын айта кеткен жөн.

Қазақстанның дипломатиялық қызметі ұлттық мүдделерімізді қорғауға бағытталған сыртқы саяси ұстанымдарды берік сақтап келеді. Біз дүние жүзі мемлекеттерімен және халықаралық ұйымдармен тең дәрежелі, белсенді және үйлесімді қарым-қатынастар орнатуға қол жеткіздік. Мемлекеттік шекарамыз бойында тату көршілік пен сенімді тұрақтылық белдеуі қалыптасты, ішкі саяси-экономикалық реформалардың іске асырылуына халықаралық аренада қолайлы жағдай жасалып келеді. Бұған барынша қысқа мерзімде қол жеткізуге Елбасы Н.Назарбаевтың көптеген мемлекеттердің лидерлерімен өте берік әрі сенімді жеке достық қарым-қатынастарының ықпалы тигенін ашық айтқан абзал.

— Кейбір БАҚ-тар мен саясаттышылар Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы байланыс салқындай басталды деген сөз айтады. Осы рас па? Егер олай болмаса, сіз екі елдің арасындағы қарым-қатынасты қалай бағалар едіңіз?

— Қазақстан мен АҚШ қатынастары кең ауқымды және ықпалдастықтың терең мазмұнымен ерекшеленеді. Екі жақты ынтымақтастықтың шарт-құқықтық базасы, соның ішінде Демократиялық өріптестік туралы хартия және "Қазақстан-Америка жаңа қатынастары туралы" бірлескен мәлімдеме ұзақ мерзімді стратегиялық өріптестікті қуаттайды.

Екі жақты қарым-қатынастардың өзекті мәселелері мен болашағы, өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау, халықаралық қатынастардың күн тәртібіндегі өзара іс-қимылдар менің жуырда Вашингтонға сапарым кезінде АҚШ-тың ең жоғары деңгейдегі ресми өкілдерімен мүқият талқыланды.

Мемлекеттік хатшы К.Райс, Қорғаныс министрі Д.Рамсфельд және Дж.Буш әкімшілігінің басқа да жетекші тұлғаларымен өткізген кездесулерім Орталық Азияның даусыз жетекші мемлекеті, өңірлік және жаһандық деңгейдегі лайықты әріптесі Қазақстанмен тығыз және жүйелі стратегиялық ынтымақтастығын одан әрі жалғастыруға Құрама Штаттардың барынша мүдделі екенін айқындап берді.

Вашингтон Қазақстан басшылығында халықтың жаппай қолдауына ие, беделді және таяу болашақта оған балама табыла қоймайтын реформатор-басшының отырғанын жоғары бағалайды.

АҚШ Қазақстанның екпінді экономикалық реформаларын және қоғамды саяси ырықтандыру бағытын қызу қолдады, еліміздің қарусыздану және таратпау қозғалысына, сондай-ақ халықаралық терроризмге, есірткі тасымалына және басқа да жаһандық жағымсыз құбылыстарға қарсы күреске қосып отырған үлесін жоғары бағалады.

Қалыптасқан жағдайда Қазақстан Орталық Азия мемлекеттерінде нарықтық және демократиялық өзгерістердің кепілі, бүкіл өңірді саяси тұрақтылық, экономикалық даму мен өркендеуге бастайтын күш ретінде қарастырылып отыр.

Бұл саяси конъюнктуралық пікір емес. Өткен сапардың американдық бұқаралық ақпарат құралдарында айрықша қызу насихатталуы да көп нәрсені аңғартса керек. Маусым айында Алматыда АҚШ-тың Азия қоғамы өткізген халықаралық бизнес-конференциясы мінберінен американдық беделді тұлғалар да Қазақстанның өңірдегі саяси және экономикалық жетекші рөлін жасырмай атап өтті.

Әрине, АҚШ-тың бізде болып жаткан өзгерістердің қарқыны мен аумағына сын көзбен қарайтыны белгілі, алайда ол екі жақты қарым-қатынастардың жалпы ауқымы мен қол жеткен деңгейіне теріс ықпалын тигізеді деп ойламаймын.

— Біз елімізде Ресеймен және Қытаймен, көптеген Батыс елдерімен байланыстарды стратегиялық өріптестік тұрғысында бағалаймыз. Ал енді сол елдерде Қазақстанмен байланысқа осындай тұрғыда маңыз беріле ме?

— Ресей мен Қытай біздің аса ірі тарихи көршілеріміз. Бұл елдермен берік өріптестік рухын сақтауды тағдырдың өзі бізге аманат еткенді. Дамудың дербес жолына түскелі бері біздің қарым-қатынастарымыз мүлде жаңа сипатқа ие болды.

Қазақстан-Ресей байланыстары кең ауқымды, көп салалы және терең мазмұнымен ерекшеленеді. Интеграциялық бастамалардың ойдағыдай ілгерілеуі, сондай-ақ экономикада іскер байланыстардың жоғары қарқынмен жандана түсуі тауар айналымын екі есеге жуық өсіріп, 2004 жылы 8 млрд. АҚШ долларына жеткізді. Биылғы жылы 22 маусымда өткен ЕурАзЭҚ саммитінде 1,5 млрд. АҚШ долларын құрайтын жарғылық капиталы бар Қазақстан-Ресей инвестициялық банкін құру туралы шешім қабылданды.

Әлемдегі ең ұзын жеті жарым мың километрлік Қазақстан-Ресей шекарасы анықталып бекітілді, азаматтардың еркін араласып тұруына қолайлы жағдайлар жасалды.

Мемлекет басшылары Н.Назарбаев пен В.Путин арасындағы жылы, достық сезімдер мен өзара терең түсіністік өріптестік деңгейін арттыра түсуге игі ықпалын тигізуде. Ресейде табыспен өткен Қазақстан жылы да екі мемлекет арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты паш етті. Қазір көрші елдің саяси әлитасы Қазақстан Ресейдің ең сенімді серіктесі деген пікірді жиі-жиі айтатын болды.

Қытай Халық Республикасымен қатынастарымыз сенімділік пен өзара түсіністіктің жоғары деңгейіне көтерілді. ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның шілде айында өткен мемлекеттік сапары екі жақты қарым-қатынастардың жаңа кезеңін ашты. Сапар барысында Қытай тарапы ұсынған және тату көршілікті сақтауды, өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты дамытуды көздейтін стратегиялық өріптестік декларациясына қол қойылды.

Стратегиялық деңгейдегі қатынастар орнатуға Қазақстан ғана талпынады деп қабылдау қателік. Бұл — екі жақты ұмтылыстың жемісі. Қытайды мысалға алсақ, бұл елдің Қазақстанмен стратегиялық өріптестікті дамытуға ынтасы энергетика ресурстары көздеріне жету және көлік коммуникацияларын әртараптандыру әрі әлемдік саясаттағы маңызды мүдделері тұрғысынан түсіндіріледі.

Осы орайда Франция Президенті Ж.Ширактың 29 тамызда ғана француз елшілерімен өткізген кездесуінде қазан айында "екпінді дамып келе жаткан Қазақстанға" сапар шегетінін айта келе, "бұл мемлекетпен Франция тең құқылы серіктестік қатынастарын орнатуға мүдделі" деген сөздері назар аудартады.

Сондықтан да екі алып көршімізбен, сондай-ақ Батыс мемлекеттерімен арадағы байланыстар тең тұрғыда, халықаралық құқық қалыптарына сай ілгерілеп келеді деп сеніммен айта аламыз. Президент Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен әлемдік саясаттағы алпауыттармен стратегиялық ынтымақтастық қатынастар орнатуға бағытталған. — Қазақстан болашағының жарқын болуының кепілі екенін есте ұстаған абзал.

— Қазақстан — мұсылман елі, түркі тіллес ел. Осы тұрғыдан алғанда, біздің республиканың мұсылман әлемімен, түркі дүниесімен байланыстары қажетті дәрежеде деп санайсыз ба? Түптің түбінде Қазақстанның осы елдерге арқа сүйеу жағдайы орын алады деп ойламайсыз ба?

— Біз өзіміздің сыртқы саясатымызда барлық мемлекеттермен және құрлықтармен, оның ішінде мұсылман әлемі, түркі дүниесімен тиімді де белсенді ынтымақтастықты қамтамасыз етуді көздейміз. Осы орайда Алаштың қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың "қазақ — жоғын іздеген халық" деген терең мағыналы сөзі еске түседі. Кеңес өкіметі кезінде мұсылман қоғамдастығымен үзілген рухани байланыстарымыздың қайта жаңғырып, өркендеуінде үлкен мән бар.

Қазақстан төуелсіздігін жариялаған ЕҚЫҰ-да Қазақстан төрағалығын дайындаудың кешенді бағдарламасын даярлау міндеті қойылды.

Бұл бастама демократиялық қоғам құру жолындағы іргелі істерімізге серпін берумен қатар, бізге үлкен жауапкершілік те жүктейді. ЕҚЫҰ-ның төрағалық стандарттарына сай болу үшін елімізде саяси-әлеуметтік реформаларды жемісті жалғастырудың маңызы зор. Бұл мақсат Елбасы тарапынан айқын белгіленген.

Осы кешенді шаралар Қазақстанның ЕҚЫҰ-мен қатынастарға беретін маңызын аңғартса керек. Біз еуразиялық мемлекет болсақ та, жалпы Еуропа кеңістігіндегі халықаралық ұйымдардан тек қана ЕҚЫҰ-ға мүшеміз. Сондықтан еуропалық деңгейде Қазақстан ұстанымдарының ескерілуін қамтамасыз етуде осы беделді форумның мүмкіндіктерін пайдалану өте маңызды.

Сіз "айыптаушылық жағы" деп белгілеген тұстарды күн тәртібінен шығару үшін еліміздегі нақты ақиқатты жеткізе білуде, дәлелдеуде де ЕҚЫҰ-дағы ықтимал төрағалықтың тигізер пайдасы зор. Қазақстан осы қадамы арқылы халықаралық деңгейдегі маңызды да ауқымды мәселелерді шешуге атсалысуға әзірлігін білдіріп отыр.

— Бұрынғы ұғыммен айтқанда, революцияны экспорттауға болмайтыны секілді, демократияны да сырттан таңуға келмейтіні аз айтылып жүрген жоқ. Мұны Батыс саясатшылары да жүрген жерлерінде мәлімдеуге тырысады. Бірақ бәрі де Украинада, Грузияда, Қырғызстан мен Өзбекстанда болған жағдайлар Қазақстанда неге болмасқа деген мәселені көтерумен әуре. Сонда, шынымен-ақ, Қазақстандағы демократиялық үдерістер біреулерге аз көрініп отырғаны ма? Білгір де білікті дипломат ретінде ашығын айтыңызшы, Қазақстанда түрлі-түсті революциялардың шығу мүмкіндігі бар ма?

— Өніргі және бұрынғы одақтас республикалардағы оқиғаларға қатысты соңғы кездері "түрлі-түсті" революция Қазақстанда болуы ықтимал деген әңгімелердің жиілеп кеткені белгілі.

Менің ойымша, Қырғызстан, Өзбекстан, Грузия және Украинада болған оқиғаларды біздің елдегі жағдайға жалан көшіріп әкелуге әуреленбей, революцияның экспорты тұжырымдамасына сілтеме жасамай, бұл мәселеге кең тұрғыдан қараған абзал. Аталған елдердің әрқайсысында саяси өзгерістерге тұрткі болған жұмыссыздық пен кедейшілік, әлсіз саяси басшылық және ішкі аймақтар арасындағы қайшылықтар сияқты алғышарттар болғаны баршаға мәлім.

Елімізде он жылдан астам үзілмей жүргізіліп келе жатқан батыл реформалар халықтың әл-ауқатын айтарлықтай жақсартты. Мемлекет басшылығының салмақты да салиқалы ішкі және сыртқы саясаты Қазақстан қоғамын бейбіт өмірге, тұрақтылыққа, ұлт және діни аралық татулыққа бөледі. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін қайта жаңғырта отырып, этносаралық татулық пен ішкі тұрақтылыққа сүйенген азаматтық қоғам құруға бағытталған жолымыздың, саяси реформаларға керекті базис құру мақсатында экономикалық реформаларға басымдық берген таңдауымыздың дұрыстығы айқындала түсті.

Ал нақты мақсаттарды белгілеген Президенттің биылғы Жолдауы бізді жақын болашақта дүние жүзіндегі ең дамыған 50 мемлекеттің қатарына шығарады деп ойлаймын.

Сондықтан Қазақстанда "түрлі-түсті" революция болуы мүмкін деген орынсыз пайымдауларды өмірдің өзі жоққа шығарып отыр.

— Сіздің кесек сөйлейтін, кесіп айтатын кейбір кездеріңіз ойға оралады. Соның бірі Сыртқы істер вице-министрі кезіңізде Президенттің Жапонияға сапары барысында көрініп еді. Мемлекет басшысы осы елдің Премьер-Министрімен келіссөздер жүргізіп, белгілі бір құжаттарға қол қойғаннан кейін Жапония Үкімет басшысының отставкаға кеткені мәлім болды. Сонда кейбір ақпарат құралдары Нұрсұлтан Назарбаевтың сапарын зая болдыға санағандай пікір білдіріп жатқанда, Сіз өркениетті елдерде мұндай жағдай орын ала беретінін, Президент тек Премьермен ғана емес, басқа да тұлғалармен кездесіп әңгімелескенін және солардың бірі Үкімет басына келуі мүмкін екенін айтып, түсініктеме берген едіңіз. Карьерасы жаңадан басталған дипломат үшін бұл батыл қадам еді. Екіншісі — Премьер-Министр кезіңізде қазақстандық жұмысшыларға жағдай жасамағаны үшін Батыс Қазақстан облысындағы бір инвесторлармен кездесіп, мәселені талқылаудың орнына кілт бұрылып кетуіңіз еді. Үшіншісі — жуырда Джордж Сорос деген аузын айға білеген қаржыгермен, жүрген жерін ұлыған-шулыған қылатын әлемдік деңгейдегі тұлғамен сөзге келуіңіз, сөзге емес-ау, ашық айтысқа шығуыңыз болды.

Жалпы, Сіз эмоцияның адамысыз ба, әлде салқынқандылық, ұстамдылық жағындасыз ба?

— Менің өмірлік ұстанымым — туған елімнің мүдделерін қорғау. Бұл міндетті айқай шығармай, ұстамдылық танытып, сабырлылықпен дәйекті түрде орындауға болады. Ал үлкен саясат әлемінде эмоция мен сезімталдық жөнсіз деп сенемін.

— Жаңағы Соросқа қайта оралайықшы. Оның репрессиялық әрекеттер, Өзбекстанға ұқсаушылық, бостандықты тұншықтыру дегендері қайдан шыққан? Егер мұның бәрі жөнсіз десеңіз, сонда Соростың сөзінің ешқандай жаны жоқ па? Егер бұл адам Қазақстанға қаскөйлік пиғылда болса, бұлдіруші, арандатушы болса, ол неге Қазақстанға еркін келеді, неге Сорос қоры Қазақстанды іштей үңгіп барады?

— Американдықтар, олардың ішінде, әрине, Соростың өзі де бар, елімізге келіп, бірді-екілі қателеріміз үшін Қазақстанды жасқанбай айыптап, ұрсуды жөн деп санайды. Біздің кемшіліктеріміз жоқ емес. Олардың болуы да табиғи нәрсе. Дегенмен, бұл біздің қиыншылықтарымыз, оларды шешу де біздің ісіміз.

Дос ретінде, сыпайы түрде кеңес беріп жүрген әріптестерімізге алғысымызды аямаймыз, бірақ орынсыз айыпқа қонудың реті жоқ. Мәселенің қызығы — Америкаға барып, олардың саясатын сынаған әр адамға ұлттың жауы деген айып тағылады. Американдықтардың өздері қанша әскерелеп жүрсе де, шетелдіктерге сын сөз айтуға болмайды. Біздің кейбір азаматтарымыз болса, жас мемлекеттерді "әскерелеуді" әдетке айналдырған кісілерді арнайы шақыртып алатын болды. Мұндай дағдыны доғару керек. Бұл — ұлттық намыс мәселесі.

— Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес өмірге қатар келді. Бірақ, байқап отырсақ, ШЫҰ ұйымдастырушылық қызметін жайлап-жаилап өріс тетіп барады. АӨСШК туралы осыны айта аламыз ба?

— Шынында да, Шанхай ынтымақтастық ұйымы бастапқыда шекара маңындағы қауіпсіздік пен өзара сенім шараларын ғана қамтыса, кейінірек уақыт талабына сай экономикалық, инвестициялық мазмұнмен толығып, нақты іс-қимылдар жасауға қабілетті, келешегі зор құрылым ретінде әлемдегі беделді, кең көлемді халықаралық ынтымақтастықты қолдайтын ұйымдардың біріне айналып келеді.

Қазақстан басшысының ұсынысымен өмірге келіп, уақыт өткен сайын ауқымы кеңіп, ықпалы арта түскен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес — Азия елдерінің қауіпсіздік мәселелері бойынша өзара консультациялар мен пікір алмасулар өткізуге мүмкіндік беретін халықаралық форум.

АӨСШК-ның 2002 жылғы 4 маусымда Алматыда өткен бірінші саммиті он алты ел басшыларының басын қосып, Қазақстан Президенті ұсынған бастаманың өміршендігін және қажеттігін дәлелді. Саммит қорытындысында Алматы Актісіне және Ланкестікке қарсы күрес және өркениеттер арасындағы диалогқа жәрдемдесу декларациясы тәрізді аса маңызды құжаттарға қол қойылды.

Тамыз айында Алматыда АӨСШК Аға лауазымды тұлғалары комитетінің отырысы болып өтті. 17 мемлекет өкілдерінен құралған жұмысшы тобы гуманитарлық, экологиялық, экономикалық және әскери-саяси өлшемдердегі сенімділік шараларын іске асыру, форумның хатшылығын құру жөніндегі ұсыныстарды талқылады.

Азия құрлығы үшін АӨСШК-ның жаңашылдық сипатын, күн тәртібіндегі мәселелердің өткірлігін, мүше мемлекеттер саны мен олардың арасындағы дау-тартыстарды ескерсек, осы форумның даму қаркыны қанағаттанарлық деп айтуға әбден болады.

— Қазақ халқының тарихында билер институты, бір жағынан, дипломатиялық қызметтің де көрінісі сияқты ғой. Біздің елшілер мен дипломаттардың ішінде осындай от ауызды шешендер, қияннан қиып түсетін сұңғылалар бар ма? Сізді біздің дипломаттар корпусының деңгейі қанағаттандыра ма?

— Қазақстандық дипломаттардың кәсіби деңгейі шыңдалып келеді. Олардың арасынан халықаралық қалыптарға сай келетін қызметкерлер шоғыры даярланды. Кәсіпқойлық және іскерлік жағынан ысылған, күрделі тапсырмаларды іске асырып, шыңдалған жоғары дәрежелі мамандар Қазақстан дипломатиясы алдында тұрған мәселелерді шешуге әзір деп толық сеніммен айта аламын.

Халықаралық ұйымдарда абыройлы жұмыс істеп жүрген Қазақстан дипломаттарының қатары да өсуде. Бұл Қазақстан дипломатиялық қызметінің деңгейін сипаттайтын өзіндік көрсеткіш.

Елшілер өздері қызмет ететін елдің басшылығымен, сондай-ақ қоғам өкілдері, саясатшылары, іскер адамдарымен және баспасөз өкілдерімен кездесулер өткізеді, сұхбаттасады, пікір алмасады. Осындай сәтте ол сөйлескен адамына жақсы әсер қалдырса, қандай да бір мәселе жөнінде ұғынықты әрі нақты түсіндіріп бере алатын болса, бұл мемлекет үшін де мақтаныш болар еді. Сондықтан мен елді танытушы ең басты тұлға — елшінің өзі деп үнемі айтып келемін.

Ал елшілер жұмысында табыстармен бірге сәтсіздіктер болуы да өмір заңы. Әрбір елшінің өз мінезі бар, өзінің жұмыс істеу әдісі болады, олардың қарым-қабілеттері, интеллектуалдық әлеуеті әркілі. Олардың басқа елдердің дипломаттарына ұқсауы шарт емес, қалыптасқан халықаралық тәжірибені меңгере отырып, ең бастысы, өз елінің мүддесін ойлайтын, ұлттық келбетін сақтаған намысшыл тұлға болып қалғаны абзал. Сыртқы саяси ведомствоның басшысы ретіндегі менің міндетім — дипломатиялық корпусты Президент Н.Назарбаев қойып отырған міндеттерді орындауға жұмылдыру.

Әңгімедескен
Ержұман СМАЙЫЛ,
"Егемен Қазақстан".